

**"Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 414 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Жоба**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қаржы рыногы мен қаржылық  
ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы**

Осы Заң қаржы рыногын мемлекеттік реттеу мен қадағалауды жүзеге асыруға байланысты қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің тұрақтылығын арттыру мен қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылар мүдделерінің бұзылуына жол бермеу жөнінде жағдайлар жасауға бағытталған.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

**1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушы - қаржылық ұйымның қызмет көрсетуін пайдаланушы, сондай-ақ өз қаражаттарын қаржы құралдарына инвестициялайтын жеке немесе заңды тұлға;

2) қаржы рыногындағы кәсіби қызмет - Қазақстан Республикасының банк, сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар рыногындағы қызмет туралы заңдарына және зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарына сәйкес алынған лицензия негізінде жүзеге асырылатын қаржылық қызмет көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

3) уәкілетті орган - қаржы рыногын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) қаржылық ұйым - қаржылық қызмет көрсетуді ұсыну бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

5) қаржы рыногы - қаржылық қызмет көрсету мен тұтынуға, сондай-ақ қаржы құралдарын шығару мен айналысына байланысты қатынастардың жиынтығы;

б) қаржылық қызмет көрсету - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алынған лицензиялар негізінде жүзеге асырылатын сақтандыру рыногы, бағалы қағаздар рыногы, инвестициялық қорлар, жинақтаушы зейнетақы қорлары қатысушыларының қызметі, сондай-ақ банк қызметі.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының қаржы рыногын мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы заңдары**

1. Қазақстан Республикасының қаржы рыногын мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **3-бап. Қаржы рыногын реттеу мен қадағалаудың мақсаттары, принциптері және міндеттері**

1. Қаржы рыногын реттеу мен қадағалау мақсаттары: қаржы рыногының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және тұтастай алғанда қаржы жүйесіне сенімді қолдау;

қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету;

қаржы рыногында шынайы бәсекені қолдауға бағытталған қаржылық ұйымдардың қызметі үшін тең құқылы жағдай жасау болып табылады.

2. Қаржы рыногын реттеу мен қадағалау принциптері: ресурстар мен реттеу құралдарын тиімді пайдалану; қаржылық ұйымдар мен қаржылық қадағалау қызметінің айқындылығы; қаржылық ұйым менеджментінің жауапкершілігі; тәуекелдерді бағалауға негізделген қаржылық ұйымдарды басқаруды ынталандыру; жаңа қаржы өнімдерін және қызмет көрсетуді дамытуды қолдау арқылы қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың жиынтығы және қаржы рыногына қазіргі заманғы технологияны енгізу болып табылады.

3. Қаржы рыногын реттеу мен қадағалау міндеттері: қаржылық ұйымдар қызметінің стандарттарын белгілеу, қаржылық ұйымдарды корпоративтік басқаруды жақсарту үшін ынталандырулар жасау; қаржы жүйесіндегі елеулі шығынды болдырмау мақсатында қаржы рыногының мониторингі;

қаржылық тұрақтылықты қолдау мақсатында қаржы рыногының ең осал салаларында қадағалау ресурстарын топтау;

қазіргі заманғы технологияларды енгізуді ынталандыру, қаржылық ұйымдардың қызметі және олар көрсететін қаржылық қызмет көрсетулер туралы ақпараттың тұтынушылар үшін толықтығын және қол жетімдігін қамтамасыз ету болып табылады.

#### **4-бап. Қаржы рыногындағы уәкілеттілігі жоқ қызметке тыйым салу**

1. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген лицензиясы жоқ тұлғаның қаржы рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқығы болмайды.

2. Уәкілетті органның тиісті лицензиясынсыз жасалған қаржылық қызмет көрсету бойынша мәмілелер жарамсыз болып табылады.

#### **5-бап. Пруденциалдық нормативтер және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттер**

Уәкілетті органның қаржылық ұйымдар үшін олардың қаржы тұрақтылығын және қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылар мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында белгілеген экономикалық шектеулері пруденциалдық нормативтер болып табылады.

Уәкілетті орган пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, сондай-ақ шоғырландырылған негізде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес аффилиирленген тұлғалар болып табылатын қаржылық және өзге де ұйымдар үшін белгілейді.

#### **6-бап. Қаржы рыногын монополияға қарсы реттеу**

1. Қаржы рыногында бәсекелестікті шектеуге және қаржы рыногындағы қаржылық ұйымның өзінің басым (монополиялық) жағдайын теріс пайдалануына бағытталған іс-әрекеттерді жасауға тыйым салынады.

2. Қаржы рыногындағы қаржылық ұйымның басым жағдайын белгілеу талаптарын уәкілетті органмен бірлесіп, монополияға қарсы реттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

## **2-тарау. Қаржы рыногын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның мәртебесі, міндеттері, функциялары және өкілеттіктері**

#### **7-бап. Қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган**

1. Қаржы рыногын реттеу мен қадағалауды Қазақстан Республикасының Президенті құратын бірыңғай уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган өз қызметінде Конституцияны, осы Заңды, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін өзі жөніндегі Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

3. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді. Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беру:

Қазақстан Республикасы Президентінің уәкілетті органның Төрағасы мен оның орынбасарларын қызметке тағайындауын және қызметтен босатуын;

Қазақстан Республикасы Президентінің уәкілетті органның құрылымын және жалпы штаттық санын бекітуін;

Қазақстан Республикасы Президентінің Уәкілетті орган туралы ережені бекітуін; уәкілетті органның өз қызметінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне ақпаратты ұсынуын білдіреді.

4. Уәкілетті органды қаржыландыру Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджет қаражаты (шығыстар сметасы) есебінен жүзеге асырылады.

#### **8-бап. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері**

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары негізінде және оларды орындау мақсатында өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы қаржылық ұйымдардың, қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың, басқа да жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді шығарады.

#### **9-бап. Уәкілетті органның міндеттері**

1. Уәкілетті органның міндеттері:

1) қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу жөніндегі кешенді шараларды іске асыру;

2) қаржылық ұйымдардың тиісті түрлерінің шынайы бәсекелестік принциптерінде жұмыс істеуі үшін тең жағдай жасау;

3) қаржылық ұйымдардың қызметін реттеу және қадағалаудың стандарттары мен әдістерінің деңгейін көтеру, олардың қабылдаған міндеттемелерінің уақтылы және толық орындалуын қамтамасыз ету бойынша шараларды пайдалану болып табылады.

2. Уәкілетті орган осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген өзге де міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етеді.

#### **10-бап. Қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның функциялары мен өкілеттіктері**

1. Уәкілетті орган қаржылық ұйымдардың қызметін реттеуді және қадағалауды жүзеге асырады.

Уәкілетті орган осы мақсатта:

1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда қаржылық ұйымдарды ашуға (құруға), оларды ерікті түрде қайта құру және таратуға рұқсат береді және қайтарып алады, қаржылық ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім береді, сондай-ақ көрсетілген рұқсаттар мен келісімдерді беру тәртібін айқындайды;

2) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда қаржылық ұйымдардың басшы қызметкерлері лауазымдарына адамдар сайлауға (тағайындауға) келісім береді не келісім беруден бас тартады, сондай-ақ көрсетілген келісімді берудің

не беруден бас тартудың тәртібін айқындайды;

3) қаржы рыногында кәсіби қызметті, қаржылық ұйымдардың аудитін жүргізуге лицензиялар беру, қолданылуын тоқтату және қайтарып алу тәртібін белгілейді, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда көрсетілген лицензияларды береді, қолданылуын тоқтатады және қайтарып алады;

4) қаржылық ұйымдар үшін, оның ішінде шоғырландырылған негізде пруденциалдық нормативтер және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді б е к і т е д і ;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп қаржылық ұйымдардың және олардың аффилиирленген тұлғаларының қаржылық және өзге де есептің тізбесін, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін нысандарын, ұсыну мерзімдерін белгілейді;

6) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп және бухгалтерлік есеп стандарттары туралы заңдарының талаптарын қаржылық ұйымдардың сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

7) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда және шегінде, оның ішінде аудиторлық ұйымды шақыру арқылы қаржылық ұйымдарды және олардың аффилиирленген тұлғаларының қызметін тексереді;

8) қаржылық ұйымдарға Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялардың қолданылу тәртібін айқындайды ж ә н е қ о л д а н а д ы ;

9) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда, қаржылық ұйымның жарғылық капиталындағы акционерлердің үлесін (акцияларын) оларға мәжбүрлеп сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісе отырып ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы ;

10) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда ерікті және мәжбүрлеп таратылатын қаржылық ұйымдардың тарату комиссияларының қызметін б а қ ы л а у д ы жү з е г е а с ы р а д ы ;

11) бұқаралық ақпарат құралдарында қаржылық ұйымдар туралы мәліметтерді (коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда), оның ішінде оларға қолданған шаралар туралы ақпарат жариялайды.

3. Уәкілетті орган қаржылық ұйымдарға және оның аффилиирленген тұлғаларына, оның ішінде аудиторлық ұйымдарды тарта отырып, мынадай мақсатта инспекциялау ( т е к с е р у ) жү р г і з у г е құ қ ы л ы :

1) кез келген есепті немесе ағымдағы күнге қаржылық ұйымдар мен олардың аффилиирленген тұлғаларының қаржылық жай-күйін айқындау;

2) басқарма құрылымының және қаржылық ұйымдар мен олардың аффилиирленген тұлғаларының шешімдер қабылдау рәсімдерінің заңдарға сәйкестігін айқындау;

3) қаржылық ұйымдардың аффилиирленген тұлғаларын айқындау;

4) қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың құқықтарын бұзу мүмкіндігін

анықтау және ескерту;

5) қаржылық қызмет көрсетуді ұсыну немесе қаржы құралдарын шығару бойынша уәкілеттік берілмеуі ықтимал қызметті анықтау және оған жол бермеу.

3. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайлардан басқа, қаржылық ұйымдардың қызметіне араласпайды.

### **11-бап. Банк қызметін реттеу және қадағалау ерекшеліктері**

1. Уәкілетті орган банк қызметін реттеуді және қадағалауды жүзеге асыру мақсатында:

1) жеке және заңды тұлғалардың банктің және банктік холдингінің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуына, банктердің еншілес ұйым құруына және ие болуына рұқсат беру және рұқсат беруден бас тарту тәртібін айқындайды, көрсетілген рұқсаттарды береді не беруден бас тартады;

2) банктердің меншік капиталының ең аз мөлшерін белгілейді;

3) банктердің резервтік капиталын қалыптастыру бойынша талаптарды белгілейді;

4) банктік топтар үшін пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бекітеді;

5) салымдарға (депозиттерге) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) тәртібін белгілейді;

6) активтерді және шартты міндеттемелерді жіктеу мен оларға қарсы провизиялар құру тәртібін белгілейді;

7) банктердің және банктерге аудит жүргізуге лицензиясы бар аудиторлардың тізілімін жүргізеді;

8) банктің аффилиирленген тұлғаларына Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібін айқындайды және осындай шара қолдану туралы шешім қабылдайды;

9) банк заңдарында белгіленген жағдайларда банкті консервациялау туралы шешім қабылдайды және уақытша әкімшілікті (банкті уақытша басқарушыны) тағайындайды;

10) банк заңдарында белгіленген жағдайларда банк заңдарында көзделген барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге лицензияны қайтарып алу туралы шешім қабылдайды және уақытша әкімшілікті (уақытша әкімді) тағайындайды;

11) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасы банктерінің барлық қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді жүзеге асыру құқығы бар бірден-бір орган болып табылады.

### **12-бап. Сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау ерекшеліктері**

Уәкілетті орган сақтандыру қызметін реттеуді және қадағалауды жүзеге асыру мақсатында:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына бақылау жасау құқығын алуға рұқсат беру және қайтарып алу тәртібін айқындайды, көрсетілген рұқсаттарды береді және

қ а й т а р ы п а л а д ы ;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру резервтерін қалыптастыруына қойылатын талаптарды белгілейді;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесіне қойылатын талаптарды белгілейді;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының активтерін орналастыру және инвестициялау тәртібін айқындайды;

5) сақтандыру полистерінің нысандары мен мазмұны бойынша талаптарды белгілейді;

6) актуарийлік қорытынды және оның мазмұнына талаптар негізінде аннуитет шарттарын қолдану кезеңінде тұрақты сақтандыру төлемдерінің мөлшерін көбейту тәртібі мен талаптарын айқындайды;

7) жинақтаушы сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына заемдарды беру тәртібі мен талаптарын айқындайды;

8) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру және қайта сақтандыру, оның ішінде белгіленген (шарттармен немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен) мерзімдерді бұзу арқылы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы орындаған шарттарын (сақтандыру полистерін) есепке алу тәртібін айқындайды;

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, актуарийлердің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына аудит жүргізуге лицензиясы бар аудиторлардың тізілімін жүргізеді;

10) сақтандыру заңдарында белгіленген жағдайларда сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны қайтарып алу туралы шешім қабылдайды және уақытша әкімшілікті (уақытша әкімді) тағайындайды;

11) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### **13-бап. Бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін реттеу және қадағалау ерекшеліктері**

Уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін реттеуді және қадағалауды жүзеге асыру мақсатында:

1) бағалы қағаздармен және туынды бағалы қағаздармен азаматтық құқық объектілерін таниды;

2) басқа мемлекеттің заңдарына сәйкес тіркелген шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының аумағына айналысқа жіберудің талаптарын, тәртібін айқындайды және жіберуді жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасы ұйымдарының бағалы қағаздарын және туынды бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеудің талаптары мен тәртібін, мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірегейлендіру нөмірін шығару және беруді тіркеу тәртібін айқындайды;

4) бағалы қағаздарды, оның ішінде резидент еместердің және туынды бағалы қағаздарды шығаруды мемлекеттік тіркеудің, оларды орналастыру және өтеу, сондай-ақ күшін жою жөніндегі есептерді қараудың талаптары мен тәртібін белгілейді;

5) бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының мамандарын оқытуды және қайта даярлауды ұйымдастырады;

6) бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру, қолданылуын тоқтату және қайтарып алу талаптарын және тәртібін айқындайды, көрсетілген рұқсаттарды береді, қолданылуын тоқтатады және қайтарып алады;

7) бағалы қағаздар рыногында жұмыс істегісі келетін жеке тұлғаларға аттестация жүргізу талаптарын және тәртібін айқындайды және аттестация жүргізеді, аттестациядан өткен тұлғаларға біліктілік куәліктерін береді, біліктілік куәліктерін иеленушілерге қайта аттестациялауды жүзеге асырады, біліктілік куәліктерінің қолданылуын тоқтатады және қайта жаңарту, біліктілік куәліктерін қайтарып алады;

8) бағалы қағаздардың және туынды бағалы қағаздардың орналастырылуымен айналысын тоқтату және жаңарту талаптарын және тәртібін айқындайды;

9) Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін, бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялар мен рұқсаттар тізілімін және бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыру құқығына берілген біліктілік куәліктерінің тізілімін жүргізеді;

10) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру талаптары мен тәртібін, оның ішінде бағалы қағаздармен операциялар жасау шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді;

11) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және институционалдық инвесторлардың инвестициялық қызметін жүргізу тәртібін белгілейді;

12) бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушылардың және өзін өзі реттейтін ұйымдардың қызметін жүзеге асыру тәртібін белгілейді;

13) бағалы қағаздардың және туынды бағалы қағаздардың бағаларымен айла-әрекет жасауға, бағалы қағаздар рыногында инсайдер ақпаратын немесе қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты пайдалану арқылы мәмілелер жасауға бақылауды жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес инвестициялық қорлардың және олардың басқарушыларының құрылуы мен қызметін лицензиялауды, реттеуді және бақылауды жүзеге асырады;

15) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

**14-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу және қадағалау ерекшеліктері**



Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеуді және қадағалауды жүзеге асыру мақсатында:

1) жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтайшыларына, акционерлеріне, басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды белгілейді;

2) жинақтаушы зейнетақы қорлары жарғылық капиталының ең аз мөлшерін, оның қалыптасу тәртібін және құрамын белгілейді;

3) алушылардың жеке шоттарындағы жинақталған зейнетақы қаражатын есепке алуды жүргізу тәртібін белгілейді және оның дұрыс жүргізілуіне бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ жинақталған зейнетақы қаражатын аудару тәртібін белгілейді;

4) жинақтаушы зейнетақы қорының жиырма бес проценттен астам акцияларын сатып алуға рұқсат беру тәртібін белгілейді;

5) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы ережелерін келіседі;

6) таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін, оның зейнетақы шарттары бойынша міндеттемелерін басқа қорға беру тәртібін белгілейді;

7) зейнетақы заңдарында белгіленген жағдайларда зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке берілген жинақтаушы зейнетақы қорларының лицензиясын қайтарып алу туралы шешім қабылдайды және уақытша әкімшілікті (уақытша әкімді) тағайындайды;

8) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### **15-бап. Ақпарат алу жөніндегі өкілеттіктер**

Уәкілетті органға жүктелген қаржы рыногын реттеу және қадағалау функцияларын сапалы және уақтылы орындауды қамтамасыз ету, осы Заңның талаптарын іске асыру мақсатында уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағында кез келген жеке және заңды тұлғадан, сондай-ақ мемлекеттік органдардан өзінің қадағалау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат алуға құқылы, мұндайда алынған мәліметтер жария етуге жатпайды.

### **16-бап. Уәкілетті органның Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органдарымен және басқа мемлекеттердің қаржы рыноктарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын органдарымен өзара іс-әрекетінің негізгі принциптері**

1. Уәкілетті орган өзіне Қазақстан Республикасының заң актілерімен берілген өкілеттіктер шегінде өз қызметінде тәуелсіз. Мемлекеттік органдар уәкілетті органның оның заң түрінде бекітілген өкілеттіктерін іске асыру жөніндегі қызметіне араласуға құқығы жоқ.

2. Уәкілетті орган өз қызметін басқа мемлекеттік органдармен Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген құзыреті шегінде үйлестіреді.

3. Уәкілетті орган қаржы рыногын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын

басқа мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен ынтымақтастықта болады және олардың қадағалау функцияларын жүзеге асыруына қажетті ақпаратпен алмасуға құқылы.

### **3-тарау. Қорытынды ережелер**

#### **17-бап. Уәкілетті органды қайта құру және тарату**

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен қайта құрылуы және таратылуы мүмкін.

#### **18-бап. Уәкілетті орган қызметкерлерінің жауапкершілігі**

Уәкілетті органның қызметкерлері қадағалау функцияларын жүзеге асыру барысында алынған банктік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпиясы бар мәліметтерді жария еткені үшін сондай-ақ заң актілерімен белгіленген өзге де жауапкершілікті атқарады.

#### **19-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

Осы Заң жарияланған күнінен бастан қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*